

Шымкент қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2023 жылғы 14 маусымдағы № 4/43-VIII шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 маусымда № 181-17 болып тіркелді

Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Шымкент қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы
мәслихатының төрағасы*

*Б. Нарымбетов
Шымкент қаласы мәслихатының
2023 жылғы 14 маусымдағы
№ 4/43-VIII шешіміне 1-қосымша*

Шымкент қаласы мәслихатының кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер

1. Шымкент қаласы мәслихатының "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру Қағидасын бекіту туралы" 2019 жылғы 29 наурыздағы № 47/378-6с шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29 болып тіркелген):

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру қағидаларын бекіту туралы"; кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру қағидалары осы шешімге қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру қағидаларында:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру қағидалары";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру қағидалары (әрі қарай - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"7. "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағын беру туралы қолдау хат оған қоса тіркелетін құжаттарымен бірге "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне ұсынылады.";

11, 12, 15, 16-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"11. "Шымкент қаласының құрметті азаматы" туралы куәлікке Шымкент қаласының әкімі мен Шымкент қаласы мәслихатының төрағасы қол қояды.

12. "Шымкент қаласының құрметті азаматы" куәлігі мен төс белгіні Шымкент қаласының әкімі мен Шымкент қаласы мәслихатының төрағасы салтанатты жағдайда тапсырады.

15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген негіздер бойынша "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағынан айырылған тұлғаға атақ қайталап берілмейді.

16. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 37-бабына сәйкес сот бойынша ақталған адамға "Шымкент қаласының құрметті азаматы" атағы әкімнің ұсынысы негізінде мәслихаттың шешімімен қалпына келтіріледі.".

2. Шымкент қаласы мәслихатының "Шымкент қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2020 жылғы 22 маусымдағы № 67/598-бс шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 113 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Шымкент қаласында бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері туралы"

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:";

1, 2-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Шымкент қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындары, сондай-ақ олардың шекті толу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Шымкент қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі мен материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 2, 3-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 19.03.2024 № 14/123-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Шымкент қаласы мәслихатының "Шымкент қаласындағы бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2022 жылғы 30 наурыздағы № 14/123-VII шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27550 болып тіркелген):

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Шымкент қаласы мәслихатының "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде жоғары технологиялық медициналық қызметтерді алу үшін Шымкент қаласының тұрғындарына тұрақты тұратын елді мекеннен тыс жерлерге тегін жол жүруді ұсыну туралы" 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 72/674-6с шешімінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 150 болып тіркелген):

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу үшін Шымкент қаласында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына елді мекеннен тысқары жерлерге тегін жол жүруді ұсыну туралы";

кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – ЖТМК) және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

жүйесінде медициналық көмекті алу үшін Шымкент қаласында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына елді мекеннен тысқары жерлерге тегін жол жүру ұсынылсын.";

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. "Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Денсаулық сақтау басқармасы) ЖТМҚ комиссиясының шешімі ЖТМҚ-ны стационарлық, стационарды алмастыратын және консультативтік-диагностикалық көмек нысанында алу үшін негіз болып табылады.";

3, 4, 5, 6-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Жол жүру құнын төлеу, денсаулық сақтау ұйымынан шығарылған күннен бастап екі ай мерзімнен кешіктірмей Денсаулық сақтау басқармасына ұсынылған мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылсын:

1) ЖСН, тұрғылықты мекенжайы және ақша қаражатын аудару үшін банктің деректемелері көрсетілген еркін нысандағы өтініш;

2) жеке куәліктің және (немесе) туу туралы куәліктің көшірмесі;

3) емделуге жолдаманың көшірмесі;

4) науқасты алып жүру қажеттілігі туралы медициналық ұйымның дәрігерлік-консультативтік комиссиясының қорытындысы (бұдан әрі - ДКК);

5) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзіндінің көшірмесі;

6) науқастың және (немесе) оны алып жүретін адамның атына ресімделген жол жүру фактісін растайтын жол жүру билеттері, ал олар жоғалған жағдайда емделу орнына дейін және кері қарай жол жүру құнын растайтын анықтамалар.

4. Науқасқа және оны ертіп жүретін тұлғаға (тек науқасты ертіп жүрген жағдайда) емделу орнына және тұрғылықты жеріне кері қарай жол жүруінің мынадай шығыстары өтелсін:

теміржолмен жүрген кезде – купе вагонының тарифі бойынша;

су жолдарымен, тас және топырақ жолдармен – сол жергілікті жерде қолданылып жүрген жол жүру құны бойынша.

5. Науқасқа және оны ертіп жүретін тұлғаға (тек науқасты ертіп жүрген жағдайда, бір адамнан көп емес) емделу орнына және тұрғылықты жеріне кері қарай ДКК қорытындысында рұқсат етілген кезде, әуе көлігімен жол жүрген кезде шығыстары экономикалық класс тарифі бойынша келесі диагноздарда өтелсін:

1) 5-сатысындағы бүйректің созылмалы ауруы; перитонеалдық диализ;

2) 3, 4-сатылардағы қатерлі ісіктер.

6. Жол жүру құнын төлеу Денсаулық сақтау басқармасымен науқастардың және (немесе) оларды ертіп жүретін тұлғаның банктік карт-шоттарына аудару арқылы жүзеге асырылады."

2023 жылғы 14 маусымдағы
№ 4/43-VIII шешіміне 2-қосымша
Шымкент қаласы мәслихатының
2020 жылғы 22 маусымдағы
№ 67/598-6с шешіміне
1-қосымша

Шымкент қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындары, сондай-ақ олардың шекті толу нормалары

1. "Наурыз" алаңы – Абай ауданы, Бәйдібек би даңғылы, шекті толуы –500-600 адам ;
2. Даңқ мемориалының алды – Тұран ауданы, Қ.Рысқұлбеков көшесі, 3 "Г", шекті толуы – 200-250 адам;
3. "Асар" шағын ауданындағы орталық алаң – Абай ауданы, Сейхун және Жантөре көшелерінің қиылысы, шекті толуы – 200-300 адам;
4. Шымкент қаласында шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруты болып Мәделі Қожа көшесі (А.Байтұрсынов пен Қ.Қазиев көшелерінің арасы) айқындалсын.

Шымкент қаласы мәслихатының
2023 жылғы 14 маусымдағы
№ 4/43-VIII шешіміне 3-қосымша
Шымкент қаласы мәслихатының
2020 жылғы 22 маусымдағы
№ 67/598-6с шешіміне
2-қосымша

Шымкент қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі мен материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Шымкент қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда бейбіт жиналыстар ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылар хабарлама және өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген орында өткізіледі.

Бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде ұйымдастырушылар және оларға қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушыларға:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
- 2) шағынауданның (тұрғын алаптың) инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;
- 3) Шымкент қаласы әкімдігінің келісімінсіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;
- 4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

б) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне тыйым салынады.

Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

Қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ медициналық, өрт сөндіру және өзге де қауіпсіздік қызметтерін қамтамасыз ету шаралары мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

Шымкент қаласы мәслихатының
2023 жылғы 14 маусымдағы
№ 4/43-VIII шешіміне 4-қосымша
Шымкент қаласы мәслихатының
2022 жылғы 30 наурыздағы
№ 14/123-VII шешіміне
қосымша

Шымкент қаласындағы бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Р/с	Аймақ-тардың №	Бағалау аймақтарының шекаралары	Түзету коэффи-циенті
		Шекаралары Н.Исмаилов және И.Павлов көшелерінің қиылысынан басталады солтүстік-шығыс бағытта И.Павлов көшесінің оң жағымен Ю.Гагарин көшесінің қиылысына дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Ю.Гагарин көшесінің оң жағымен Кремлевская көшесінің қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Кремлевская көшесінің оң жағымен Ш.Қалдаяков көшесінің қиылысына дейін, содан кейін	

солтүстік-батыс бағытта Ш.Қалдаяқов көшесінің оң жағымен Абай даңғылының қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Абай даңғылының оң жағымен А.Асқаров көшесінің қиылысына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта А.Асқаров көшесінің оң жағымен М.Пошанов көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта М.Пошанов көшесінің оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта Темірлан тас жолының оң жағымен С.Қожанов көшесінің қиылысына дейін, содан кейін солтүстік-шығыс бағытта С.Қожанов көшесінің оң жағымен Б.Момышұлы даңғылының қиылысына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Б.Момышұлы даңғылының оң жағымен О.Сүлейменов көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта О.Сүлейменов көшесінің оң жағымен, Абай атындағы саябағының бойымен Қ.Қазиев көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Қ.Қазиев көшесінің оң жағымен Ұ.Арғынбеков көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Ұ.Арғынбеков көшесінің оң жағымен Бәйдібек би даңғылына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Бәйдібек би даңғылының оң жағымен Nursultan Nazarbaev даңғылына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта С.Бәйтереков

көшесінің қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Бәйтереков көшесінің оң жағымен Шұғыла көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Шұғыла көшесінің оң жағымен Нұрсәт және Нұрсәт-3 шағын аудандардың оңтүстік шекараларына дейін, одан кейін Нұрсәт және Нұрсәт-3 шағын аудандарының оңтүстік шекараларының шығыс бағытында Nursultan Nazarbaev даңғылының қиылысына дейін және одан әрі Ұ.Арғынбеков көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Ұ.Арғынбеков көшесінің оң жағымен Жібек жолы көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Жібек жолы көшесінің оң жағымен Сайрам көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Сайрам көшесінің оң жағымен Тәуке хан даңғылына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Тәуке хан даңғылының оң жағымен темір жолдың бөлінген белдеуіне дейін, содан кейін оңтүстік-батыс бағытта темір жолдың бөлінген белдеуінің оң жағымен Ақназар хан көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта Ақназар хан көшесінің оң жағымен Төле би көшесінің қиылысына дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Төле би көшесінің оң жағымен Ордабасы алаңы мен Әйтеке би көшесінің қиылысына дейін, одан әрі

оңтүстік-батыс бағытта Әйтеке би көшесінің оң жағымен К.Тоқаев көшесінің қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта К.Тоқаев көшесінің оң жағымен жобаланған жолға дейін, одан әрі оңтүстік бағытта жобаланған жолдың оң жағымен Әйтеке би көшесіне дейін, содан кейін оңтүстік бағытта Әйтеке би көшесінің оң жағымен Ш.Рашидов көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Ш.Рашидов көшесінің оң жағымен Н.Исмаилов көшесінің қиылысына дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Н.Исмаилов көшесінің оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Бірінші аймаққа шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: қаланың орталық бөлігі, үшінші, тоғызыншы, Спорт, Кіші Самал, Наурыз, Нұрсәт, Нұрсәт-3, Отырар, Төменгі Отырар, Айқап, Түркістан, Тараз, Сайрам, Теріскей, Шапағат, Шапағат-2, Восток, он біріншіден он сегізіншіге дейінгі шағын аудандар, Қарасу, сегізінші және жиырма бірінші шағын аудандардың бөліктері; 22-327-060, 22-327-061, 22-327-062, 22-327-063, 22-327-070, 22-327-071, 22-328-004, 22-328-005, 22-328-006, 22-328-007, 22-328-008, 22-328-009, 22-328-010 22-328-011, 22-328-012, 22-328-013, 22-328-014, 22-328-015, 22-328-016, 22-328-017, 22-328-019, 22-328-020, 22-

329-001, 22-329-002, 22-329-005, 22-329-006, 22-329-007, 22-329-008, 22-329-009, 22-329-010, 22-329-011, 22-329-012, 22-329-013, 22-329-014, 22-329-018, 22-329-019, 22-329-020, 22-329-021, 22-329-022, 22-329-024, 22-329-025, 22-329-026, 22-330-050, 22-330-054 есептік кварталдары; 22-328-018, 22-330-051, 22-330-053 есептік кварталдардың бір бөлігі.

Шекаралары Ю.Гагарин және Ақсуат көшелерінің қиылысынан басталады, солтүстік-батыс бағытта Ақсуат көшесінің оң жағымен Алмахан қажы көшесінің қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Алмахан қажы көшесінің оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Темірлан тас жолының оң жағымен Сыпырған ата көшесіне дейін, содан кейін солтүстік-шығыс бағытта Сыпырған ата көшесінің оң жағымен М.Төлебаев көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта М.Төлебаев көшесінің оң жағымен Т.Бейсембаев көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Т.Бейсембаев көшесінің оң жағымен Б.Момышұлы көшесіне дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Б.Момышұлы көшесінің оң жағымен Алматы А-2 тас жолының қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Алматы А-2 тас жолының оң жағымен Қ.Төлеметов көшесіне

дейін, содан кейін шығыс бағытта Қ.Төлеметов көшесінің оң жағымен Т.Өтегенов көшесі мен жобаланған автожолдың қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта жобаланған автожол бойымен Тұлпар элиталық қалашығының аумағын айналып өтіп, Көкшетау көшесінің қиылысына дейін, содан кейін солтүстік-шығыс бағытта Көкшетау көшесінің оң жағымен жобаланған көшеге дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта жобаланған көшенің оң жағымен "Шымсити" тұрғын алабы бойында салынып жатқан көшеге дейін, содан кейін "Шымсити" тұрғын алабы бойындағы салынып жатқан көшенің оң жағымен Алматы А-2 тас жолының қиылысына дейін, одан әрі Алматы А-2 тас жолының оң жағымен шығыс бағытта айналма жол жағымен Тұран және Бозарық-2 шағын аудандары арасындағы жобаланған көшеге дейін, содан кейін оңтүстік-шығыс бағытта Тұран және Бозарық-2 шағын аудандары арасындағы жобаланған көшенің оң жағымен Таскен шағын ауданы бойында жобаланған көшенің қиылысына дейін, одан әрі батыс және оңтүстік бағыттарда Таскен шағын ауданы бойындағы жобаланған көшенің оң жағымен Алматы тас жолына дейін, одан әрі шығыс бағытта Алматы тас жолының оң жағымен Ақсүмбе көшесіне дейін,

одан кейін оңтүстік бағытта Ақсүмбе көшесінің оң жағымен Қ.Патеев көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Қ.Патеев көшесінің оң жағымен Nursultan Nazarbaev даңғылына дейін, содан кейін батыс бағытта Нұрсәт және Нұрсәт-3 шағын аудандардың оңтүстік шекараларымен С.Бәйтереков көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта С.Бәйтереков көшесінің оң жағымен Nursultan Nazarbaev даңғылына дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Nursultan Nazarbaev даңғылының оң жағымен Бәйдібек би көшесінің қиылысына дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Бәйдібек би көшесінің оң жағымен Ұ.Арғынбеков көшесіне дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Ұ.Арғынбеков көшесінің оң жағымен Қ.Қазиев көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Қ.Қазиев көшесінің оң жағымен О.Сүлейменов көшесіне дейін, одан кейін батыс бағытта О.Сүлейменов көшесінің оң жағымен Б.Момышұлы даңғылына дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта Б.Момышұлы даңғылының оң жағымен С.Қожанов көшесінің қиылысына дейін, содан кейін оңтүстік-батыс бағытта С.Қожанов көшесінің оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта

Темірлан тас жолының оң жағымен М.Пошанов көшесіне дейін, одан кейін оңтүстік-батыс бағытта М.Пошанов көшесінің оң жағымен А.Асқаров көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта А.Асқаров көшесінің оң жағымен Абай даңғылына дейін, одан кейін оңтүстік-батыс бағытта Абай даңғылының оң жағымен Ш.Қалдаяқов көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Ш.Қалдаяқов көшесінің оң жағымен Кремлевская көшесіне дейін, одан кейін оңтүстік-батыс бағытта Кремлевская көшесінің оң жағымен Ю.Гагарин көшесінің қиылысына дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта Ю.Гагарин көшесінің оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Екінші аймаққа шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Жайлау, Қатын көпір, Агропром, 112-квартал, Самал-1, төртінші, Солтүстік-Батыс, Тұлпар, Тұран, Қайтпас-1, Нұртас шағын аудандары, "Шымсити" тұрғын алабы; Қорғасын-1, Самал-2 шағын аудандарының бір бөлігі; 22-327-005, 22-327-006, 22-327-007, 22-327-008, 22-327-009, 22-327-010, 22-327-011, 22-327-028, 22-327-029, 22-327-030, 22-327-031, 22-327-032, 22-327-033, 22-327-034, 22-327-035, 22-327-036, 22-327-041, 22-327-042, 22-327-043, 22-327-044, 22-327-045, 22-327-

046, 22-327-047, 22-327-048, 22-327-049, 22-327-050, 22-327-051, 22-327-052, 22-327-056, 22-327-057, 22-327-058, 22-327-059, 22-327-064, 22-327-069, 22-328-001, 22-328-002, 22-328-003, 22-330-036, 22-330-037, 22-330-038, 22-330-045, 22-330-046, 22-330-047, 22-330-048, 22-330-049, 22-330-052 есептік кварталдары; 22-330-033, 22-330-034, 22-330-051, 22-330-053, 22-330-043, 22-330-042, 22-327-066, 22-327-065 есептік кварталдардың бір бөлігі.

Үшінші аймақ бес учаскеден тұрады. Үшінші аймақтың бірінші учаскесінің шекаралары Н.Исмаилов және И.Павлов көшелерінің қиылысынан басталады, солтүстік-батыс бағытта Н.Исмаилов көшесінің оң жағымен М.Оспанов көшесіне дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта М.Оспанов көшесінің оң жағымен Мамин-Сибиряк өткеліне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Мамин-Сибиряк өткелінің оң жағымен темір жолға дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта темір жолдың оң жағымен 22-327-076 және 22-327-038, 22-327-076 және 22-327-025 есептік кварталдар арасындағы шекараларға дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта 22-327-023 есептік кварталдың шекарасымен әуежайдың қолданыстағы қоршауының бойымен Қ.Бекбаев көшесіне дейін

, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Қ.Бекбаев көшесінің оң жағымен Қошқар ата өзеніне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Қошқар ата өзенінің оң жағымен Арасан көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Арасан көшесінің оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, одан кейін оңтүстік-шығыс бағытта Темірлан тас жолының оң жағымен жаңа Алматы А-2 тас жолына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта жаңа Алматы А-2 тас жолының және одан әрі ескі Алматы А-2 тас жолының оң жақтарымен Б.Момышұлы көшесіне дейін, одан кейін оңтүстік-шығыс бағытта Б.Момышұлы көшесінің оң жағымен Т.Бейсембаев көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Т.Бейсембаев көшесінің оң жағымен С.Ерубаев көшесіне дейін, одан кейін оңтүстік-шығыс бағытта С.Ерубаев көшесінің оң жағымен М.Төлебаев көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта М.Төлебаев көшесінің оң жағымен Сыпырған ата көшесіне дейін, содан кейін оңтүстік-батыс бағытта Сыпырған ата көшесінің оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Темірлан тас жолының оң жағымен Ақсуат көшесіне дейін, содан кейін оңтүстік-батыс және одан әрі

оңтүстік-шығыс бағыттарда Ақсуат көшесінің оң жағымен Ю.Гагарин көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Ю.Гагарин көшесінің оң жағымен И.Павлов көшесіне дейін, содан кейін оңтүстік бағытта И.Павлов көшесінің оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Үшінші аймақтың бірінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Қорғасын-2, Қызыл жар, Ақниет және Самал-3 шағын аудандары; 22-327-012, 22-327-013, 22-327-015, 22-327-025, 22-327-026, 22-327-027, 22-327-037, 22-327-038, 22-327-039, 22-327-040, 22-327-053, 22-327-055, 22-327-068 есептік кварталдары; 22-327-014, 22-327-065, 22-327-066, 22-327-024 есептік кварталдардың бір бөлігі.

Үшінші аймақтың екінші учаскесінің шекаралары Қ.Төлеметов көшесі мен Т.Өтегенов көшесінің жалғасы, жобаланған көшенің қиылысынан басталады, оңтүстік-батыс бағытта Қ.Төлеметов көшесінің оң жағымен Алматы А-2 тас жолына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Алматы А-2 тас жолының оң жағымен Сырым батыр көшесіне дейін, одан кейін солтүстік-батыс бағытта Сырым батыр көшесінің оң жағымен Асар-2 шағын ауданын оңтүстік-батыс жағынан айналып өтіп,

жобаланған көшеге дейін, одан әрі солтүстік-шығыс , оңтүстік-шығыс және оңтүстік бағыттарда жобаланған көшенің оң жағымен Асар-2 шағын ауданын батыс, солтүстік және шығыс жағынан айналып өтіп, Алматы А-2 тас жолына дейін, одан кейін солтүстік-шығыс бағытта Алматы А-2 тас жолының оң жағымен Асар шағын ауданы және "Шымсити" тұрғын алабы арасындағы салынып жатқан автожолға дейін, одан әрі оңтүстік бағытта салынып жатқан автожолдың оң жағымен жобаланған жолға дейін, содан кейін оңтүстік-батыс бағытта жобаланған жолдың оң жағымен Көкшетау көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Көкшетау көшесінің оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Үшінші аймақтың екінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Отау, Ақжайық, Қайтпас-2, Асар және Асар-2 шағын аудандары; 22-330-033, 22-330-034, 22-330-035 есептік кварталдары; 22-330-026, 22-330-030, 22-330-031 есептік кварталдарының бір бөлігі.

Үшінші аймақтың үшінші учаскесінің шекаралары

Ұ.Арғынбеков және Жібек жолы көшелерінің қиылысынан басталады, солтүстік-батыс бағытта Ұ.Арғынбеков көшесінің оң жағымен 22-330-054 және 22-330-055 есептік

кварталдардың арасындағы шекарамен қиылысқа дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта 22-330-054 және 22-330-055 есептік кварталдар арасындағы шекарамен Nursultan Nazarbaev даңғылы мен Қ.Патеев көшесінің қиылысына дейін, содан кейін шығыс бағытта Қ.Патеев көшесінің оң жағымен Ақсүмбе көшесіне дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта Ақсүмбе көшесінің оң жағымен Алматы тас жолына дейін, содан кейін батыс бағытта Алматы тас жолының оң жағымен Таскен шағын ауданының батыс және солтүстік-батыс жақтағы шекараларының бойы жағымен өтетін шекараға дейін, жобаланған жолға дейін, содан кейін жобаланған жолдың оң жағымен оңтүстік-шығыс бағытта, Таскен шағын ауданының шығыс жақтағы шекараларының бойымен Жібек жолы көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Жібек жолы көшесінің оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Үшінші аймақтың үшінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Таскен, Тассай шағын аудандары; 22-330-055, 22-330-056, 22-330-057 есептік кварталдары; 22-330-041, 22-330-042, 22-330-043 есептік кварталдарының бір бөлігі.

Үшінші аймақтың төртінші учаскесінің шекаралары Әмір Темір

көшесінің және жобаланған автожолдың қиылысынан басталады, шығыс бағытта 22-330-070 және 22-330-072 есептік кварталдардың шекарасымен жобаланған автожолға дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта жобаланған автожолдың оң жағымен Юсуф Сареми көшесі мен жобаланған автожолдың қиылысына дейін, содан кейін оңтүстік-шығыс бағытта жобаланған автожолдың оң жағымен Әмір Темір көшесі мен жобаланған автожолдың қиылысына дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта жобаланған автожолдың оң жағымен Сайрамсу өзенін қиып өтіп, Базарқакпа шағын ауданын айналып өтіп, 22-329-041 есептік кварталында орналасқан жобаланған автожолға дейін, содан кейін шығыс, оңтүстік және оңтүстік-батыс бағыттарда жобаланған автожолдың оң жағымен Абдулабад көшесін қиып өтіп, Тұрдыбад тұрғын алабында жобаланған автожолға дейін, одан әрі оңтүстік, шығыс, батыс, оңтүстік, батыс және солтүстік-батыс бағыттарда Тұрдыбад тұрғын алабында жобаланған автожолдың оң жағымен Тұрдыбад тұрғын алабын айналып өтіп, жобаланған автожол - Тәуке хан даңғылының жалғасына дейін, одан әрі солтүстік - батыс бағытта жобаланған автожол-Тәуке хан даңғылы жалғасының оң жағымен жобаланған

автожолға дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта жобаланған автожолдың оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Үшінші аймақтың төртінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Сайрам шағын ауданы, Базарқапа және Тұрдыбад тұрғын алаптары; 22-330-073, 22-330-078, 22-330-079 есептік кварталдары; 22-330-064, 22-330-069, 22-330-072, 22-330-074, 22-330-077, 22-330-080, 22-329-039, 22-329-040, 22-329-041, 22-329-046 есептік кварталдардың бір бөлігі.

Үшінші аймақтың бесінші учаскесінің шекаралары теміржол мен Ш.Рашидов көшесінің қиылысынан басталады, шығыс бағытта Ш.Рашидов көшесінің оң жағымен Әйтеке би көшесіне дейін, одан әрі солтүстік бағытта Әйтеке би көшесінің оң жағымен жобаланған автожолға дейін, содан кейін батыс, солтүстік, шығыс бағыттарда жобаланған автожолдың оң жағымен К.Тоқаев көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік бағытта К.Тоқаев көшесінің оң жағымен Әйтеке би көшесіне дейін, содан кейін оңтүстік-шығыс бағытта Әйтеке би көшесінің оң жағымен Төле би көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Төле би көшесінің оң жағымен Ақназар хан көшесіне дейін, одан кейін

солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс бағыттарда Ақназар хан көшесінің оң жағымен темір жолға дейін, одан әрі оңтүстік-батыс, оңтүстік және солтүстік-батыс бағыттарда темір жолдың оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Үшінші аймақтың бесінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Ордабасы шағын ауданы; 22-328-022 есептік квартал; 22-328-021, 22-328-018, 22-328-020, 22-329-027 есептік кварталдардың бір бөлігі.

Төртінші аймақ төрт учаскеден тұрады. Төртінші аймақтың бірінші учаскесінің шекаралары Қ.Бекбаев көшесі мен Жаңатілек көшесінің қиылысынан басталады, батыс бағытта Жаңатілек көшесінің оң жағымен Шалқаркөл көшесіне дейін, одан кейін батыс бағытта Шалқаркөл көшесінің оң жағымен жобаланған автожолға дейін, одан әрі солтүстік бағытта жобаланған автожолдың оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, содан кейін солтүстік-батыс бағытта Темірлан тас жолының оң жағымен Шымкент-Арыс-Темірлан автожолының көлік айрығына дейін, одан әрі солтүстік-шығыс бағытта қисық сызықпен түрінде Ынтымақ-2 шағын ауданы шекарасының бойымен Алматы А-2 тас жолына дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Алматы А-2 тас

жолының оң жағымен Темірлан тас жолына дейін, одан әрі солтүстік-батыс бағытта Темірлан тас жолының оң жағымен Арасан көшесіне дейін, одан кейін оңтүстік-батыс бағытта Арасан көшесінің оң жағымен Қошқар ата өзеніне дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Қошқар ата өзенінің оң жағымен Қ.Бекбаев көшесіне дейін, содан кейін оңтүстік-батыс бағытта Қ.Бекбаев көшесінің оң жағымен бастапқы нүктеге дейін. Төртінші аймақтың бірінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Ынтымақ, Ынтымақ-2 және Тұрлан шағын аудандары; 22-327-016, 22-327-017, 22-327-018, 22-327-019, 22-327-024 есептік кварталдарының бір бөлігі. Төртінші аймақтың екінші учаскесінің шекаралары Алматы А-2 тас жолының Қ.Төлеметов көшесімен қиылысынан басталады, одан әрі қисық сызықпен солтүстік-батыс, оңтүстік-батыс, солтүстік-батыс, батыс, солтүстік және солтүстік-шығыс бағыттарда Достық шағын ауданы және Қайнарбұлақ тұрғын алабын батыс жақтан айналып өтіп Сырым батыр көшесіне дейін, одан әрі оңтүстік-шығыс бағытта Сырым батыр көшесінің оң жағымен және әрі қарай, Сырым

батыр көшесімен шығыс бағытқа бұрылып, Қайнарбұлақ тұрғын алабын айналып өтіп, оңтүстік-батыс бағытта Сырым батыр көшесіне дейін жетеді, содан кейін оңтүстік-шығыс бағытта Сырым батыр көшесінің оң жағымен оңтүстік-шығыс бағытқа бұрылып, оңтүстік-батыс бағытта Сырым батыр көшесіне дейін жетеді, одан кейін оңтүстік-шығыс бағытта Сырым батыр көшесінің оң жағымен Алматы А-2 тас жолына дейін, одан әрі оңтүстік-батыс бағытта Алматы А-2 тас жолының оң жағымен бастапқы нүктеге дейін жетеді. Төртінші аймақтың екінші учаскесіне шекара ішінде орналасқан барлық жерлер кірген, оның ішінде: Достық шағын ауданы, Қайнарбұлақ тұрғын алабы; 22-330-003, 22-330-005, 22-330-007, 22-330-008, 22-330-009, 22-330-010, 22-330-011, 22-330-012, 22-330-013, 22-330-014, 22-330-015, 22-330-032 есептік кварталдары; 22-330-001, 22-330-002, 22-330-006, 22-330-016, 22-330-030, 22-330-031, 22-327-003, 22-327-004 есептік кварталдардың бір бөлігі. Төртінші аймақтың үшінші учаскесінің шекаралары Алматы А-2 тас жолының жобаланған автожолмен қиылысынан басталады, әрі қарай Бозарық шағын ауданын айналып өтіп, солтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік және шығыс бағыттарда

